



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

алдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



TDKO KZ
TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru



№ 19 (1861) Жұма, 16-мамыр 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

САЯСАТ

ҚАЗАҚСТАН МЕН БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ТЫҢ СЕРПІН

Мемлекет басшысы

Абу Дабидің Тақ мұрагері Халед бен Мұхаммед Әл Нахаянмен келіссөз жүргізді. «Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянды салтанатты қарсы алды. Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, оның бұл сапары Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретініне назар аударды.

Президенттің айтуынша, Әмірліктер – еліміздің ең басты серіктестерінің бірі. Қос мемлекеттің мақсат-мүдделері бір-бірімен сәйкес келеді. 2023 жылы екі ел үкіметтері Стратегиялық инвестициялық жобаларды жүзеге асыру туралы бірлескен декларацияға қол қойды. Кездесуде Біріккен Араб Әмірліктерінің Қазақстан экономикасындағы ең ірі шетелдік инвесторлардың ондығына кіретіні жөнінде айтылды. Былтыр БАӘ-ның елімізге құйған инвестиция көлемі екі есеге артып, рекордтық көрсеткішке жетті.

Мемлекет басшысы аталған сапар аясында құны 5 миллиард долларды құрайтын 20-дан астам коммерциялық келісімге қол қойылатынын құптады. Оларды жүзеге асыру елдер арасындағы стратегиялық ынтымақтастықты айтарлықтай ілгерілетіп, өзара тиімді байланыстарды нығайтуға септігін тигізеді.

Абу Дабидің Тақ мұрагері көрсетілген қонақжайлық үшін ризашылығын білдірді. Сонымен қатар табиғаты көркем, халқы жайсаң елімізге ерекше қуанышпен келетінін жеткізді.

Халед бен Мұхаммед Әл Нахаян



Қазақстан мен БАӘ арасындағы қарым-қатынас өзара сенім, қолдау және ортақ игілікке бірге ұмтылу қағидаттарына құрылғанын атап өтті. Бұл байланыстар сауда-инвестициялық ықпалдастық шеңберінен шығып, энергетика, көлік салаларынан бастап цифрлық инфрақұрылым мен білім беру ісіне дейін жалғасып жатқан кең ауқымды бағыттарды қамтитынына тоқталды. Тақ мұрагерінің айтуынша, бүгін қол қойылатын келісімдер екі елдің болашақта да бірлесіп жұмыс істеуге бейіл екенін дәлелдейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянның келіссөздері

аяқталғаннан кейін екіжақты
құжаттар алмасу рәсімі өтті:

1. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктері Энергетика және инфрақұрылым министрлігі арасында автокөлік саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

2. Қазақстан Республикасы Өділет министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктері Өділет министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

3. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен Masdar компаниясы арасында Қазақстан Республикасында 2 мың МВт-қа дейін қуат сақтау жүйесі және 500 МВт-қа дейін тәуліктік энергиямен қамту жобаларын әзірлеу бойынша

ынтымақтастық туралы келісім;

4. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен AIQ арасында Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын цифрлық трансформациялау бойынша стратегиялық ынтымақтастық туралы келісім;

5. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен Abu Dhabi Commercial Bank арасында өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум;

6. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Presight компаниясы арасында Қазақстан Республикасында суперкомпьютер кластерін құру жөніндегі келісім;

7. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен Abu Dhabi Ports Group арасындағы сауда флотын кеңейту бойынша ынтымақтастықты дамытуға қатысты хаттама;

8. «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен AIQ арасында мұнай-газ саласын цифрландыру бағытындағы ықпалдастық мәселелері бойынша стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі келісім;

9. Түркістан облысы әкімдігі мен Абу Дабидің Тақ мұрагері арасында Түркістан қаласында шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян атындағы перзентхана құрылысын салу және қаржыландыруға қатысты өзара түсіністік туралы меморандум;

10. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі мен Terminals Astana Airport Limited арасында Астана қаласының Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы мен оған іргелес аумақты дамытуға инвестиция салу туралы келісім;

Бұдан бөлек, құжат алмасу рәсімінде Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктері Үкіметі арасында жел электр станциясы жобасын іске асыру туралы келісімнің ратификацияланғаны туралы хабарланды.

akorda.kz

#ОТБАСЫКҮНІ2025

ОТБАСЫ БЕРІК БОЛСА – МЕМЛЕКЕТ ТЕ ҚУАТТЫ БОЛАДЫ



ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Қазақстан халқын Отбасы күнімен құттықтады, – деп хабарлайды BAQ.KZ.

«Сіздерді Халықаралық отбасы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл жүрекке жылы мереке отыз жылдан астам уақыт бойы отбасы атты ең қастерлі құндылықты еске салып, насихат етіп келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен бекітілген бұл күн – әрбір адам үшін маңызды мәселелерге назар аударуға, яғни қамқорлық, қолдау, махаббат және балаларымыздың жарқын болашағы секілді ізгі құндылықтарды ұлықтауға мүмкіндік береді», – деді министр.

Бүгінде елімізде 6,2 миллионнан астам отбасы өмір сүруде. Мемлекет үшін отбасын қолдау – жай ғана басымдық емес, бұл – тұрақты дамудың берік негізі. Елімізде ана мен баланы қорғауға ерекше мән беріліп, қауіпсіз әрі лайықты өмір сүруге барлық жағдай жасалуда.

«Отбасы – қоғамның тек бір бөлшегі ғана емес. Бұл – бізді жақсы көретін, түсінетін, қабылдайтын аяулы мекен. Дәл осы жерде тұлғалық қасиетіміз қалыптасып, құндылықтар мен армандарымыздың іргетасы қаланады. Отбасы берік болса – мемлекет те қуатты болады. Балаларын сүйіспеншілікпен тәрбиелеп отырған, отбасылық дәстүрді ұқыппен сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан әрбір жанға шынайы алғысымды білдіремін. Сіздер – еліміздің тірегі, жарқын болашақтың негізгісіздер. Барша отбасыға шуақты өмір, мықты денсаулық, жылылық пен бақ-береке тілеймін. Әр шаңырақта қуаныш пен шаттық мол болсын!» – деді Аида Балаева. Сондай-ақ бүгін ұлттық байқауға

өтінім қабылдау басталғанын айтты.

«Бүгін – тағы бір ерекше күн. Дәл осы күні "Мережелі отбасы" ұлттық байқауына өтінім қабылдау басталады. Қазақстанның әр өңірінде өзгелерге үлгі болатын, тағылымды тарихы бар отбасылар бар екеніне сенімдімін. Баршаңызды осы маңызды әрі ізгі байқауға қатысуға шақырамын. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз көпшілікке шабыт сыйлайтыны сөзсіз. Сонымен қатар, сіздерді Отбасы күніне арналған онлайн-челленджеге қатысуға шақырамын! #отбасыкүні2025 және #деньсемьи2025 хештегтерімен жүрекке жылы фотоларыңызды, отбасылық тарих пен дәстүрлеріңізді бөлісіңіздер. Өнегелі өмірлер, берекелі отбасылар баршамызға үлгі!» – деді министр.

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ БИЛІК ОБЛЫС ӘКІМІ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдауға алғаш болып кірген Кербұлақ ауданының тұрғыны К.Мүлікбаева өзінің заңсыз жұмыстан шығарылғанына шағымданып, сотқа арыз бергенін айтты. Алайда істі қараған сот оның арызын қанағаттандырудан бас тартқан, апелляциялық сотта да ол жеңіліс тапқан. Бұл мәселе бойынша облыс әкімі одан жоғары тұрған инстанцияға талап арыз беруді ұсынды. Ал оның «мектепте оқитын балаларыма қысым көрсетіледі» деген шағымына қатысты аудан әкімі мен облыстық білім басқармасының басшысы мұндай деректің расталмағанын айтты. Облыс әкімі бұл жайт бойынша қайтадан егжей-тегжейлі тексеру жүргізуді тапсырды.

Мұнан соң қабылдауға келген алматылық тұрғын Ж.Бурабаева жетісулық таныстарынан естіген бірқатар мәселелерді жеткізді, соның ішінде Панфилов ауданы Ақжызық ауылына кіреберістегі тақтайшада орнатылған Ләззат Асанованың суретінің сапасын жақсарту, бірқатар ауылдарда көшелерді жарықтандыру, т.б. жалпы мәселелер



бар. Л.Асанованың суретіне қатысты Панфилов ауданының әкіміне тапсырма берген Бейбіт Исабаев Ж.Бурабаеваға көшелерді жарықтандыру аудандардың 3 жылдық даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылатынын айтты. Сол сияқты басқа да айтылған өтініштерінің жалпылама емес, нақты болуы керектігін, өтініш иесінің аты-жөні, мәселе көтерілген елді мекеннің атауы сияқты барлық мәліметтер айқын болуы керектігін айтты. Бұл ретте облыстың кез келген тұрғынына осындай қабылдауларға жазылып, жеке мәселелерін келіп айтуларына мүмкіндік жасалғанын жеткізді.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА ЖЫЛ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ 70%-ДАН АСТАМЫ ТАБИҒИ ГАЗБЕН ҚАМТЫЛАДЫ



2030 жылға дейінгі «Жетісу облысын кешенді газдандыру» өңірлік схемасы аясында аймақтағы 358 елді мекеннің 192-сіне табиғи отын жеткізу көзделіп отыр. Қазіргі таңда 84 ауылға инфрақұрылым тартылып, бұл жалпы жоспардың 58,2%-ын құрап отыр. Нәтижесінде 400 мыңнан астам адам (101,8 мың абонент) өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік алды.

Президент тапсырмасына сәйкес, 2025 жылы тағы 42 елді мекенге көгілдір отын беріледі деп

жоспарланған. Осы мақсатта республикалық және жергілікті бюджеттерден жалпы сомасы 7,9 млрд теңге бөлінді, оның ішінде 21 жоба – 2024 жылдан өтпелі. Қоғалы ауылынан басқа барлық нысандарда жұмыстар аяқталды. Бұл елді мекенде газ құбырының 80 шақырымынан 35 шақырымы тартылды.

24 жаңа жоба бойынша 3,5 млрд теңге игерілді, алдағы уақытта тағы 18 жобаның құрылысы басталмақ. Бұл жұмыстардың жалпы құны – 15,9 млрд теңге. Аталған жобаларды аяқтау үшін Энергетика министрлігі қосымша 25,6 млрд теңгеге бюджет өтінімін жолдады.

Атқарылып жатқан шаралардың нәтижесінде Жетісу облысында көгілдір отынға қосылатын елді мекендердің саны 126-ға жетіп, қамту деңгейі 71,4%-ды құрайтын болады. Бұл – 500 мыңнан астам тұрғынның тұрмыстық жағдайын жақсарту деген сөз.

Сонымен қатар, қазіргі схемаға енген тағы 22 ауыл бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр.

Анықтама үшін: 2022–2024 жылдар аралығында республика көлемінде 371,1 млрд теңге бөлініп, 14 мың шақырымнан астам газ құбыры тартылды. Елдегі газдандыру деңгейі 62,4%-ға жетіп, табиғи отынмен қамтылған халық саны 11 млн-нан 12,6 млн адамға артты.

«КӨКТЕМ – 2025» ЕГІС НАУҚАНЫ ЖҰМЫСТАРЫ

Жетісу облысында егіс науқаны аяқталуға жақын. Жоспарланған жаздық дақылдардың 91,5%, қант қызылшасының 12,1 мың гектары себілді. Қант қызылшасын себу 15 мамырда, гөңді дақылдар 1 маусымға дейін толығымен аяқталды деп күтілуде. Көктемгі дала жұмыстарына 20,6 мың бірлік ауыл шаруашылығы техникасы тартылған.

Биылғы жылға арзандатылған дизель отынының бекітілген көлемі 5,5 мың тонна болса, оның 3,2 мыңы облысқа жеткізілді. Сол сияқты жоспарланған 58,8 мың тонна тыңайтқыштың 44,8 мың тоннасы сатып алынып, қолданылуда.

– Көктемгі дала жұмыстары мен егін жинау науқанына Ағарлық несие корпорациясы арқылы 14,3 млрд теңге бөлінді, бүгінгі таңда 5,1 млрд теңгесі 198 шаруашылыққа берілді. Ал вегетациялық кезең туралы айтсақ, егінге су беру жұмыстары басталды. Суаруға 1 млрд текше метрі су беріледі деп жоспарлап отырмыз. Биыл шегіртке тектес зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары 114,8 мың га жерде жүргізіледі.



Бұл өңдеу жұмыстары бүгіннен басталды. Жалпы оған 5 өуе ұшағы, 4 дрон және 17 бірлік жер үсті бүріккіштері жұмылдырылады, шоғырланған жерлерін анықтау жұмыстарына 204 адам және 79 автокөлік тартылады. Оған республикалық және жергілікті бюджеттен биыл 455,8 млн теңге бөлінген, - дейді Жетісу облысының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдіәулет Кененбаев.

Атап өтсек, биыл өңірде ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы - 510,7 мың гектар.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА ЖЫЛ АВТОЖОЛДАРДЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ ЖОБАЛАРЫ

Биыл Жетісу облысында жоспар бойынша республикалық маңызы бар автожолдардың 169 км учаскесіне жөндеу жүргізілуде, соның 29 шақырымы күрделі жөндеуге, ал 140 км орташа жөндеуге өткізілуде.

Осы жылы жоғарыда аталған 169 шақырым автожол учаскелерінің 103 шақырымы жөнделіп, пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр, атап айтқанда «Сарыөзек ауылының айналма жолы» 0-7 км, «Сарыөзек-Көктал» 110-141, 142-178 км (67 км), «Айдарлы – Көктал» 291-306 км (15 км) және «Қонаев – Талдықорған» 124-169 км (13 км) жолдары. Мәселен, өткен жылдан бері жүзеге асырылып жатқан «Сарыөзек ст. айналма жолы» 0-7 км (7 км) автожолын күрделі жөндеу - осындай маңызды жобалардың бірі.

Бүгінгі таңда қолданыстағы асфальтбетон жабынының 6000 м² фрезерленді, жобалық 56 бұрғылау қадаларынан Қаракөз өзені арқылы өтетін көпірге 18 қада орнатылды, ростверктің армақанқасы мен көпір тіректері және т.б. дайындалуда. Жұмысқа 45 бірлік техника және 75 жол маманы жұмылдырылды.

Бұдан бөлек, осы жоба аясында уақытша айналма жолдар қарастырылған. Бұл ретте ауыр жүк автокөліктерінің жиі жүретінін ескере отырып, жоба аяқталғаннан соң да негізгі айналма жол пайдалану үшін сақталынатын болады. Қазіргі кезде оны тасты топырақ пен құм-қиыршықтас қоспасының көмегімен күшейту жүзеге асырылды.

«Алматы – Көкпек – Көктал – Қорғас» автожолының 291-306 км (Айдарлы – Көктал, 15 км) орташа жөндеуі де жүріп жатыр. Бүгінгі таңда 15 км фрезерлеу және 10 км бойына асфальт бетон төсеу жұмыстары жүргізілді. Жоспарға сәйкес осы жылдың 20 мамырына дейін жол жабынының төменгі қабатын, ал 1 шілдеге дейін жоғарғы қабатын төсеу аяқталады деп күтілуде.

«Алматы – Өскемен» автожолының 124-169 км (ішінара 13 км, Алматы облысының шекарасы - Сарыөзек) учаскесі де орташа жөндеуден өтіп жатыр.

Сонымен бірге «Қонаев – Талдықорған» автожолының 213-234 шақырымын (21 км, Алғабас – Мұқыры еңісіндегі арка) күрделі жөндеуге конкурс өткізілді. Жобаны іске асыру 3 жылға есептелген (2025-2027 жж.).

Бұдан бөлек, «Қазавтожол» ҰҚ» АҚ облыстық филиалы өкілдерінің айтуынша, жалпы «Алматы – Өскемен» автожолының ұзындығы 92 км болатын учаскелеріне орташа жөндеу жүргізуге бюджеттік өтінім берілді, бұл ретте ағымдағы жөндеу аясында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін биыл «Алматы – Өскемен» автожолының 141-147 км учаскесінде Арқарлы асуында ұзындығы 6 шақырымға, сондай-ақ Талдықорған қаласының 3-ші бөлімшесі мен арка аралығындағы учаскеде (1 км, 253-254 км учаскесі) жарықтандыру тіректерін орнату жоспарланып отыр.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



«GREENSTEPPE» ЭКОАКЦИЯСЫ

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында Текелі қаласында жастардың қатысуымен «GreenSteppe» атты экологиялық акциясы өтті.



Іс-шараның мақсаты — экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаға жауапкершілікті арттыру және жастарды экологиялық бастамаларға белсенді түрде тарту. Бағдарлама аясында қаланың туристер жиі баратын табиғи аумақтарында қоқыс уақыт-уақытымен жиналып, негізгі демалыс орындары мен маршруттар қамтылды. Акция барысында жоспарлы түрде бірнеше аумақты тазалау көзделген.

– Бүгін біз маңызды әрі мағыналы шарада бас қосып отырмыз. «GreenSteppe» экологиялық акциясы – бұл тек табиғатты тазарту ғана емес, сонымен қатар жастардың экологиялық жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған бастама. Әрбір белсенділік – бұл Жетісудың экологиялық болашағына қосқан үлес, - дейді Жетісу облысы Жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Арнай Рақымберліұлы.

Жыл басынан бері Жетісу облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жоспарланған барлық іс-шаралар белсенді түрде өткізілуде. Жалпы сенбіліктер мен экологиялық акцияларға 17 мыңнан астам адам қатысып, 295 техника жұмылдырылды, 1 209 тонна қоқыс шығарылды, 132 саябақ пен сквер тазартылып, 17 мыңнан астам қылқанжапырақты және жапырақты ағаш көшеттері отырғызылды.

«Jetisy jastary» KMM
ұсынған мәліметтер бойынша дайындалды.



"Мерейлі отбасы"

облыстық ұлттық конкурсы

Өтінімдерді қабылдау: 2025 жылғы 15 мамырдан 15 маусымға дейін



#OTBASUM2025

Құрметті, Жетісу облысының тұрғындары
2025 жылғы 15 мамыр «Халықаралық отбасы күні»
мен 15 маусым күндері аралығында жыл сайынғы
«Мерейлі отбасы – 2025» ұлттық байқауына қатысу үшін
өтінімдерді қабылдау басталды.

Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды, көмелетке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқорлығын дәріптеу және кеңінен насихаттауға, Қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттауға бағытталған.

Конкурсқа мүшелерінің еңбекте, спортта, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері бар, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке қатысатын (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) Жетісу облысының отбасылары қатыса алады.

Толық ақпаратты аудандық, қалалық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімдерінен алуға болады.

- Талдықорған қаласы – 8 (7282) 24-73-31;
- Текелі қаласы – 8 (72835) 4-40-38.
- Ақсу ауданы – 8 (72832) 2-14-12.
- Алакөл ауданы – 8 (72833) 2-16-33.
- Ескелді ауданы – 8 (72836) 3-19-39.
- Қаратал ауданы – 8 (72834) 2-01-23.
- Кербұлақ ауданы – 8 (72840) 4-00-39.
- Көксу ауданы – 8 (72838) 2-02-47.
- Панфилов ауданы – 8 (72831) 5-19-86.
- Сарқан ауданы – 8 (72839) 2-18-82.

ШЕКТІ БАҒА ЖОБАСЫ ҚАРАЛДЫ

«Талдықорған акционерлік электр жүйелерінің тасымалдау компаниясы» акционерлік қоғамының «Электр қуатын жабдықтау және сату» филиалының хабарламасы негізінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті 2025 жылдың 13 мамырында қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі «Талдықорған акционерлік электр жүйелерінің тасымалдау компаниясы» АҚ «Электр қуатын жабдықтау және сату» филиалы электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтеріне арналған шекті бағасының жобасын қарау жөнінде жария тыңдау өткізді.

2025 жылғы 25 сәуірдегі "Талдықорған акционерлік электр жүйелерінің тасымалдау компаниясы" АҚ-ның "Электр энергиясын жабдықтау және сату" филиалының хабарламасына сәйкес 2025 жылғы 1 маусымнан бастап электр энергиясына шекті бөлшек сауда бағасының өсуі туралы жоспарланып отырғаны хабарланғандықтан, орташа босату тарифі **1 кВт*сағ үшін 36,16 теңгені** құрайды (ҚҚС-сыз) деп жоспарлануда.

Тарифтің өсуі негізінен желілік электр энергиясын беру, тарату қызметі шығындарының артуына, қызмет құнының ұлғаюына, нарықта жұмыс істеу шеңберінде "КЕГОС" АҚ жүйелік операторы ұсынатын энергиясын теңгерімдеу қызметтеріне шығындардың артуы тәрізді факторларға байланысты болып отыр. Аталған өзгерістер шығындардың өсуі жағдайында энергиямен жабдықтаушы ұйымның сенімді, тұрақты электрмен жабдықтауын және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы «Өкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» №211 бұйрығының 2-тарауына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихатының «Зандылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясы Талдықорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру бойынша көпшілік тыңдау өткізеді.

№	Жаңадан берілетін атауы	Көшенің бұрынғы атауы	Сипаттамасы
1.	Мұқамәділ Қаптағаев	Атауы жоқ жаңа көше	«Құлагер» мен «Өл-Фараби» ш.а. арасындағы атауы жоқ жаңа көше
2.	Крахмалев Петр	«Жоңғар» көшесі	Қаланың орталығы
3.	Күнчаев Серғали	«Оңтүстік» көшесі	Қаланың орталығы, Шевченко мен Біржан сал көшелерінің арасы
4.	Есболат Алтынай	Атауы жоқ жаңа көше	Қаланың шығысында
5.	Шаймұқан Мұқанов	Атауы жоқ жаңа көше	Қаланың шығысында Жансүгіров көшесі мен Ғани Мұратбаев көшелерінің аралығында орналасқан
6.	Боранбаев Оспанбек	№2 атауы жоқ көше	Қаланың Солтүстік тұрғын үй ауданы
7.	Горбов Василий	№1 атауы жоқ көше	Қаланың Солтүстік тұрғын үй ауданы
8.	Чуйков Егор	№11 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)
9.	Турченко Николай	№12 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)
10.	Моисеенко Василий	№13 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)
11.	Болсамбеков Абдықадыр	№4 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)
12.	Шлетов Асылбек	№5 атауы жоқ жаңакөше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)
13.	Егембердиев Ғайыс	№6 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)
14.	Бақбергенов Құрмантай	№7 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)
15.	Борамбаев Хасан	№8 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)
16.	Базалиев Федор	№9 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)

Өтетін көпшілік тыңдаулардың кестесі:

р/с	Атау беретін бөлік	Өткізетін орны, күні және уақыты
1.	«Жұлдыз» шағын ауданы; «Шығыс» шағын ауданы	Талдықорған қаласы, Жұлдыз шағын ауданы, 23, №15 орта мектеп сағат 10:00 19.05.2025 ж;
2.	Қала орталығы	Талдықорған қаласы, Біржан сал, 108, №18 орта мектеп-лицей сағат 15:00 19.05.2025 ж;
3.	Солтүстік тұрғын ауданы	Талдықорған қаласы, Сихимов, 1А, «Бумер» сағат 10:00 20.05.2025 ж;
4.	№3 бөлімше	Талдықорған қаласы, Өтенай ауылдық округі, Ынтымақ ауылы, Желтоқсан көшесі, 7 СТ-Е, №30 орта мектеп сағат 15:00 20.05.2025 ж.
5.	Оңтүстік – батыс тұрғын алабы	Талдықорған қаласы, Бірлік шағын ауданы, 25, №29 орта мектеп-лицей сағат 15:00 21.05.2025 ж.

Осыған орай, аталған көпшілік тыңдаулар жұмысына қала тұрғындарының белсенді түрде қатысуларын сұраймыз.

Анықтама телефондары:

«Талдықорған қалалық мәслихатының аппараты» ММ ж. т.: 24-01-84
«Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ ж. т.: 24-13-48

Талдықорған қалалық мәслихатының «Зандылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясы

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА!

В соответствии с главой 2 Приказа Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 1 августа 2023 года №211 «Об утверждении Правил учета мнения населения соответствующей территории при наименовании, переименовании административно-территориальных единиц, составных частей населенных пунктов, а также уточнении и изменении транскрипции их наименований» Постоянная комиссия Талдыкорганского городского маслихата «По вопросам соблюдения законности, градостроительства, жилищного хозяйства и дорожно-транспортной инфраструктуры» проводятся публичные слушания по присвоению наименований составным частям города Талдыкорған:

№	Новое название	Прежнее название	Описание
1.	Мұқамәділ Қаптағаев	Безымянная новая улица	Безымянная новая улица между мкр. «Кулагер» и «Аль-Фараби»
2.	Крахмалев Петр	Улица «Джунгарская»	Центр города
3.	Күнчаев Серғали	Улица «Онтустик»	Центр города, между улицами Шевченко и Биржан сал
4.	Есболат Алтынай	Безымянная новая улица	Восток города
5.	Шаймұқан Мұқанов	Безымянная новая улица	Расположен на востоке города между улицами Жансугурова и Ғани Мұратбаев
6.	Боранбаев Оспанбек	Безымянная новая улица №2	Северный жилой район города
7.	Горбов Василий	Безымянная новая улица №1	Северный жилой район города
8.	Чуйков Егор	Безымянная новая улица №11	Юго-запад города (3 отделение)
9.	Турченко Николай	Безымянная новая улица №12	Юго-запад города (3 отделение)
10.	Моисеенко Василий	Безымянная новая улица №13	Юго-запад города (3 отделение)
11.	Болсамбеков Абдықадыр	Безымянная новая улица №4	Юго-запад города (3 отделение)
12.	Шлетов Асылбек	Безымянная новая улица №5	Юго-запад города (3 отделение)
13.	Егембердиев Ғайыс	Безымянная новая улица №6	Юго-запад города (3 отделение)
14.	Бақбергенов Құрмантай	Безымянная новая улица №7	Юго-запад города (3 отделение)
15.	Борамбаев Хасан	Безымянная новая улица №8	Юго-запад города (3 отделение)
16.	Базалиев Федор	Безымянная новая улица №9	Юго-запад города (3 отделение)

Расписание публичных слушаний:

р/с	Участок, которому присваивается название	Место, дата и время проведения
1.	Микрорайоны «Жулдыз» и «Шығыс»	г. Талдыкорған, микрорайон Жулдыз, д. 23, средняя школа №15 10:00 19.05.2025 г.
2.	Центр города	г. Талдыкорған, ул. Биржан сал, д. 108, средняя школа-лицей №18 15:00 19.05.2025 г.
3.	Северный жилой район	г. Талдыкорған, ул. Сихимова, д. 1А, «Бумер» 10:00 20.05.2025 г.
4.	№3 отделение	г. Талдыкорған, Отенайский сельский округ, село Ынтымак, ул. Желтоқсан, д. 7 СТ-Е, средняя школа №30 15:00 20.05.2025 г.
5.	Юго-западный жилой массив	г. Талдыкорған, микрорайон Бирлик, д. 25, средняя школа-лицей №29 15:00 21.05.2025 г.

В связи с этим, просим жителей города принять активное участие в данной работе публичных слушаний.

Телефоны для справок:

ГУ «Аппарат Талдыкорганского городского маслихата»: 24-01-84
ГУ «Отдел культуры и развития языков города Талдыкорған»: 24-13-48

Постоянная комиссия Талдыкорганского городского маслихата «По вопросам соблюдения законности, градостроительства, жилищного хозяйства и дорожно транспортной инфраструктуры»

15 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОТБАСЫ КҮНІ!



ШАҢЫРАҚТЫҢ ШАТТЫҒЫ – СЫЙЛАСТЫҚТА

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1993 жылы 15 мамырды Халықаралық отбасы күні деп бекіткен болатын. Отбасылық құндылықтарды нығайтуға негізделген мерекені қазақстандықтар жыл сайын атап өтуге дәстүрге енгізіп үлгерді.

Халқымыздың ырыс-құты, береке-бірлігі отбасынан бастау алады. Мәңгілік ел болудың түп қазығы-тәлімді, тәрбиелі ұрпақ та мықты отбасылардан шығады. «Оттың басы» деген ұғымды білдіретін – бұл бір ауыз сөзде адам үшін бар құндылық жинақталғандай. Салт-дәстүрімізді дәріптеп, ұлықты ұл, қылықты қыз өсіріп отырған шаңырақ иелері көп-ақ. Солардың бірі – өткен жылы «Алтын тойларын» тойлаған Серікжан мен Күлзинат Ахметовалардың отбасы. Серікжан аға облысымызға танымал агроном болса, Күлзинат Зәкірқызы-танымал бухгалтер. Екеуі де Алматы қаласындағы ауылшаруашылығы институтына арман қуып келген өрімдей жастардың бірі болатын. Әскерден оралып, жақсы маман болуды мақсат тұтқан Серікжан аға үлкен қалаға Талдықорған облысының Сарқан ауданындағы Бақалы ауылынан келсе, Күлзинат апай Шымкент облысының Төле би (бұрынғы Ленгер) ауданынан келген еді. Талапкер қыз-жігіттердің арасында таныстық жақсы өрбіді. Ниет, тілектері тоғысқан курстастар кездескен қиындықтарды бірге жеңіп, таныстық ауқымы кеңейе берді. Сабақтан қолдары

босаған кезде студенттер арасында өтетін қызықты кештерге қатысып, би алаңдарына да баратын. Сондай әсерлі күндердің бірінде ауылдастарының арқасында танысқан екі жас бірін бірі тауып, ұғысып шаңырақ көтеруді ұйғарады. Араға екі жыл салып, Бақалы ауылында дүркіреген той өтіп, күйеу жігіт пен қалыңдық ерлі-зайыпты атанады. Оқуларын сәтті аяқтап, өңірімізге қайта оралған отбасы иелері еңбекке бірден араласып, алған білімдерін тәжірибемен ұштастырады. Дүниеге тұңғыштары – Марат келеді. Ата-ана атанған жастардың қуанышында шек жоқ. Шаңырақтары шаттыққа бөленіп, ағайын-туыс арасында ынтымақтары жарасып, отбасы берекесі арта түседі. Шымкенттегі әке-шешенің тәрбие мектебінен жауапкершілік міндетін адал атқаруды үйренген балауса қыз, ауылдың үлкендеріне иіліп сәлем салып, кішілеріне ізет көрсетіп, ата-ене алдында келіндік қызметін шаршамай атқаратын. Бала тәрбиесімен үйде отырып қалмады. Отағасынан рұқсатын алып, ата-ене батасымен еңбекке араласып, зыр жүгіріп жүріп қызмет етті. Жанат пен Қанаты қатар дүниеге келгенде берекелі отбасын

дағы Серікжан ағаның әке-шешесі, бауырлары мен қарындастары қолғабыс жасап, балаларды өсіру аса қиындық тудырмады. Адал еңбекпен ұлтқа қызмет етуді жалғастырған аға мен тәте балаларына өмірден үйренген тәлім-тәрбиелерін беруден халыққан емес. Ұлағатты ұрпақ өсіріп, ұлдарын ұяға, қызын қияға қондырып, бүгінде немерелерінің ортасында бақытты ғұмыр кешуде. Отан-отбасынан басталады демекші, балалары да, келіндері де, қызы мен күйеу баласы да еліміздің белді де беделді қызметкерлері. Ғұлама жазушы Мұхтар Әуезов «Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі-ниет керек, одан соң-күш керек, одан соң-тәртіп керек» дейді. Осы үш қасиетті уяда көріп, ұшқанда жүректеріне мықтап бекіткен балалары да өз орталарында, отбастарында сыйлы да құрметті жандар. Аталары мен аналарына теңдей қызмет жасап, жаңуа жылулығын сыйлап келеді. Ағамыз бен тәтеміздің киелі бақ мекені қонақсыз болған емес, туыстары, ағайындары, дос-жарандары, әріптестері жылына бірнеше мәрте осы үйдің дастарханынан дәм татып, рахаттанып қайтады. Өздері де зейнетке шықтық деп, қол қусырып қарап отырған жоқ. Көпжылдық тәжірибелерімен бөлісіп, жас буынға көмектесуден жалыққан емес. Қоныстанған ауылдарын, тұратын үйлерінің маңайын бау-бақшаға айналдырып, гүлдермен



көмкеріп тастауды әдетке айналдырған. Ағаның жерлестері «бау-бақша өсіруде Серікжанға жетер жан жоқ», дейді. Тарих толқынымен келе жатқан Серікжан аға мен Күлзинат апайдың отбасына береке тілеп, жастарыңыз жүзден асын дейміз. Сіздердей жандар барда ғасырлар бойы қалыптасқан бабалар даналығы жалғасын тауып, отбасы институтынан түлеп ұшар тағылымды ұрпақтар қатары арта береді.

Гүлжанат МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ЖОЛ ЖӨНДЕУ САПАСЫ – НАЗАРДА

Қала басшысы Ернат Бәзіл қала аумағында басталған жол жөндеу жұмыстарының сапасын тексеріп, бірнеше нысанды аралады.



Алдымен қала басшысы 3-ші бөлімшеде басталған жолдың жай-күйін көрді. Еске салсақ, бүгінде бұл аумақта жолдарды күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жоба аясында 7 көшеге, жалпы ұзындығы 6 шақырымға асфальт төселуде. Аталған жұмыс 2024 жылы басталып, қарқынды түрде жалғасып келеді.

Бұдан соң қала әкімі «Солтүстік-Батыс» ауданы мен «Көктал», «Жастар-1», «Жастар-2» тұрғын үй алаптарындағы жол жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Ол жауапты мердігерге жол сапасына ерекше мән беруді тапсырды және жұмыстар толық аяқталғанға дейін қатаң бақылауда болатынын ескертті.

Сондай-ақ, әкім қала аумағындағы орташа жөндеу жұмыстары басталған бірнеше көшеге де барды. Атап айтқанда,

Рүстембеков, Балпық би және Гагарин көшелеріндегі жұмыстармен танысты. Сонымен қатар, «Шығыс» шағын ауданында қарқынды жүріп жатқан жол жөндеу жұмыстарын тексеріп, тиісті тапсырмалар берді.

Қала бойынша жол жөндеу жұмыстары сәуір айында басталған. Қазіргі таңда жолдарды жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Жол жабынының тозуына байланысты асфальт қабаты жаңартылып, ой-шұңқырлар тегістеліп, инфрақұрылымы жақсартыла

Айта кетейік, бүгінгі күні жол қауіпсіздігін арттыру мақсатында арнайы жол белгілері жаңартылып, көшелерге реттеуші таңбалар сызылды.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз орталығы

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

АНА – ӨМІР ШУАҒЫ

Майноқ ауылында Аналар күніне орай «Ана-өмір шуағы» атты мерекелік шара өтті. Аталмыш шараға Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Жетісу облыстық Аналар кеңесінің төрағалары, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков, ауыл тұрғындары мен оқушылар қатысты.

Шара барысында мектеп оқушылары тәрбиелік мәні бар тағылымды көрініс қойып, өз өнерлерімен көрермендерді тәнті етті.

Сонымен қатар, қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков жиынға қатысушыларды Аналар күнімен құттықтап, ақжарма тілегін білдіріп, қалалық Ана-

лар кеңесінің төрағаларын қызметтегі белсенділіктері үшін қала әкімінің Алғыс хаттарымен марапаттады.

Бұл шараның басты мақсаты – аналарға құрмет көрсетіп, ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Мереке елімізде алғаш рет 2023 жылы енгізілген болатын.

БІЛІМІМ- ОТАНЫМА

1442 ТҮЛЕК АЛТЫН ҰЯМЕН ҚОШТАСАДЫ

Талдықорған қаласында биылғы оқу жылында 35 мыңнан аса оқушы білім алып жатса, соның 1442-сі мектепті аяқтайтын түлектер.

Бүгінде мектеп бітірушілердің 45-сі «Алтын белгіден» үміткер болса, ал 68-і үздік аттестатпен бітіреді. Бітірушілердің асыл армандары орындалсын демекші.

«23 мамыр – соңғы оқу күнінде еліміздегі барлық мектепте «Білімім – Отаныма» ұранымен бірыңғай сынып сағаты өтеді. Бұл – бүкіл білім беру жүйесі үшін маңызды іс-шара. Ол оқушылар мен мұғалімдерге бірлескен жұмыстың қорытындысын шығаруға, бір-біріне алғыс айтуға, аяқталып жатқан оқу жылының ең маңызды сәттерін еске алуға мүмкіндік береді.

Биыл оқу жылының ресми аяқталу күні жексенбіге түсіп тұрғандықтан, 11-сынып түлектеріне арналған салтанатты іс-шаралар мектеп әкімшілігінің шешімі бойынша 23 немесе 24 мамырда өтеді», –



делінген хабарламада.

Білімді безбенге салар сәт те таяды. Ұлттық бірыңғай тестілеу үстемізіндегі жылдың 16 мамыры мен 5 шілдесі аралығында өтеді деп жоспарлануда.

Өз тілшіміз

«J-LEAGUE» ЖОБАСЫ АЯСЫНДАҒЫ СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР ЖАЛҒАСУДА

Облыс орталығы Талдықорғанда сәуір айында бастау алған «J-League» жобасы аясында мектеп оқушылары арасында футбол, волейбол және баскетбол спорт түрлерінен турнирлер жалғасуда.



Осыған орай, 3–4 мамыр күндері футбол, волейбол және баскетбол бойынша тартысқа толы жарыстар өтіп, үздік командалар мен ойыншылар марапатталды.

Шараның басты мақсаты – балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру,

жеңіске деген жігерін оятып, тәжірибе жинауына мүмкіндік жасау.

Айта кетейік, «J-League» жобасы аясында өтіп жатқан спорттық додаға өңір бойынша 887 команда тіркелген.

РУХТЫ ОЯТҚАН МАЙДАН ӘНДЕРІ ШЫРҚАЛДЫ

Жеңістің 80 жылдығына арналған тағы бір ауқымды шара Ардагерлер саябағында Талдықорған қаласы әкімдігінің қолдауымен Өтенай ауылындағы Мәдениет үйінің ұйымдастыруымен өтті. «Тағзым» атты соғыс жылдарындағы ән байқауының ақтық кезеңіне 18 үміткер қатысты. Зейнет жасындағы өнерпаздар өз өнерлерімен көрерменнің жүрегін тебіреніп, Жеңіске деген құрметін әнмен жеткізді.

Ән додасының ақтық кезеңінде өнер көрсеткен 18 үміткердің 4-еуі – ансамбль, 2 дуэт және 12 жеке дауыста орындаушылар. Байқауға жас мөлшері 50-ден жоғары қала өнерпаздары қатысты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, байқаудың негізгі мақсаты – зейнеткерлік жастағы қатысушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану, орындаушылық шеберліктерін арттыру, өнерді насихаттау, соғыс жылдарындағы әндерге рухани-эстетикалық және патриоттық тұрғыда қолдау көрсету болып табылады. Сондай-ақ, қазіргі жас өскелең ұрпақты патриоттық сезімге тәрбиелеу, ата-бабаларымыздың ерлігін, қан майданда шайқасқан жанқиярлық ерліктерін паш ету, ұмыттырмау.



Қорытынды шараға келгендердің қарасы көп болды. «Сұлу саз» әжелер тобының құрылғанына биыл 5 жыл толыпты. Топтың солисі Құланда Шабанбайқызының айтуынша, Жеңістің 80 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған байқауға алдымен онлайн іріктеу өткен. Бұл топ құрамындағы әжелердің жасының алды 70-ге болса, үлкендері 80-ге келді. Әжелер хор, вокал, жеке дауыста халық әндерін, қазақ композиторларының шығармаларын

орындап, көрермен қошеметіне бөленуде.

Байқау шарты бойынша әр қатысушы соғыс жылдарының әндері, Қазақстан композиторларының соғыс, қаһармандар мен ерліктері туралы патриоттық әндерін орындады. Қатысушылардың өнерін білікті өнер, мәдениет мейрамдарынан құралған қазылар алқасы бағалады.

«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» – дегендей, әншілердің өнерін бағалау оңайға соқпады. Байқау қорытындысы бойынша,

қазылар алқасының шешімімен, сонымен қатар көрермендер қошеметіне ие болған «Алтын жас» хоры жеңіске лайық деп танылды. Ал, 2-орынға «Ақ дариға» әжелер ансамблі ие болса, 3-орынды халықтық «Ардагерлер» ансамблі еншіледі.

Жеке дауыста Татьяна Николаева, Түйеші Ақсубай, Қарлығаш Абдырасыл жүлделі орындарды өзара бөлісті. Барлық қатысушыларға диплом және бағалы сыйлықтар табысталды.

Данагүл МӘКЕН

ТЫЛДАҒЫ ТАҒДЫР: ЖЕҢІС ЖОЛЫНДАҒЫ МӘҢГІЛІК ҮЛЕС

Майданнан «Жеңіс» деген қуанышты хабар келді. Бұл жалғыз ауыз сөзді сағыныш пен үмітке толы барша қазақ даласы, ауыл-аймақ аңсады. 1941-1945 жылдар аралығы – талай тағдырдың сыналған, талай ананың көз жасы көл болған, сансыз сарбаздың сағы сынған кезеңі. Сол бір «Жеңіс» деген қасиетті сөз үшін қаншама адам күлкіні де, көз жасын да, қуанышын да, түнгі тыныштығын да, балалық шағы мен бозбалалық арманын да құрбан етті. «Біз соғысты көрген жоқпыз» дейміз. Иә, рас. Біз сұрапыл соғыстың сойқанын, зеңбірек үнін, окоптағы өмірді білмейміз. Себебі, бізге бейбіт таң атыру үшін өмірін құрбан еткен аталарымыз, жанын шүберекке түйген бабаларымыз бар. Олар тіршілік үшін күресті, соның нәтижесінде тыныштықта өмір сүріп келеміз.

Сұрапыл соғыс жылдары майдандағы жауынгерлермен қатар, тылдағы еңбеккерлер де Ұлы Жеңіске орасан зор үлес қосты. Олар күндіз-түні тынбай, ел үшін, ер үшін еңбек етіп, майдан даласын азық-түлікпен, киім-кешекпен, қару-жарақпен қамтамасыз етті. Сол ауыр кезеңде тылда еңбек еткен азаматтардың қажырлы еңбегі мен төзімділігі болмағанда, Жеңістің жүгі әлдеқайда ауыр болар ма еді. Бүгінде облысымызда мыңнан астам тыл еңбеккері бар. Олар – жас ұрпаққа отансүйгіштіктің, еңбекқорлықтың жарқын үлгісі. Еліміз бұл азаматтарға әрдайым ерекше құрметпен қарап, қамқорлық көрсетуді басты міндет деп санайды. Бұл – мемлекеттің ел тарихына тағзымы, ардагерлерге деген шынайы ілтипаты. Осыған орай, биыл тыл еңбеккерлеріне арналған «Ұлы Жеңістің 80 жылдығы» мерейтойлық медалі табысталды. Бұл – олардың ерлікке пара-пар еңбегіне берілген алғыс белгісі. Тылда жан аямай еңбек еткен әрбір азаматтың тарихта алатын орны ерекше. Олардың маңдай терімен келген бейбіт өмір – бүгінде бізге мұра, ұрпаққа – аманат. Соғыс – тек майдан шебі емес. Ол – тылдағы



тынымсыз еңбек, қарапайым халықтың қажыр-қайраты, елге деген адалдығы. Сол күндердің үнсіз батырларының бірі – Қаншай Ешбайқызы. Қаншай апа сұрапыл соғыс жылдары ауылдағы сауын фермасында жұмыс істеді. Жастығына қарамастан ауыр еңбектен, қара жұмыстан бас тартқан жоқ. Таң атпай тұрып, мал сауу, сүт тапсыру, санитарлық тазалық



сақтау – күнделікті тірлігіне айналды. Жауынгерлерге, ауыл тұрғындарына азық-түлік үздіксіз жетуі үшін әр литр сүттің маңызы зор еді. Тынбай еңбек еткен оның тиянақтылығы мен жауапкершілігі жоғары бағаланып, Мәскеуге арнайы шақырылып, үздік сауыншылардың бірі ретінде марапатқа ие болды. Бұл – тылдағы еңбектің де майдандағы ерлікпен тең бағаланатынын дәлелдеген сәт еді. Сонымен қатар, Ұлы Жеңістің 65, 75 күні кеше 80 жылдығына орай мерекелік медалін кеудесіне тақты. Алайда, Қаншай апаның жүрегіндегі жара – жалғыз бауырының майданға аттанып, оралмауы. Жат топырақ жастаңған ағасын сағынған көңіл әлі күнге күпті. Соғыстың ең ауыр салмағы – туғаннан айырылу қайғысы, соны көтеру ең үлкен ерлік дерсіз. Бүгінде Қаншай апа сол бір сұрапыл күндерді көз жасымен еске алады. Қиындыққа мойымай, еңбекпен елге қызмет еткен сәттерін – өзінің парызы, халқына деген сүйіспеншілігінің белгісі деп біледі. Ол – тыл еңбеккері ғана емес, Жеңістің тірі куәгері. Оның өмір жолы – ұрпаққа үлгі, тағылым мен тағзымға толы тағдыр. «Бұл ұлы қуанышқа жету жолын-

да қаншама тағдырлар қыршын қиылды, қаншама шаңырақ шаттықтан айырылды. Зұлматты соғыс ызғары талай отбасының жүрегін сыздатып, ана мен баланың жанарынан жас тамызды. Оны анық көрдім. Замандастарымыз, бауырларымыз миллиондаған адамның өмірін жалмаған осынау кезеңде қара бастың қамын емес, тұтас елдің азаттығы үшін қасық қаны қалғанша күресті. Олардың ерен ерліктері ешқашан ұмытылмай, ұрпақ жанында мәңгі сақталары анық. Біз көрген қиындықты бүгінгі жас ұрпақ көрмесін, ел аман, жұрт тыныш болсын. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз өркенді болып, жарқын болашаққа береке-бірлікпен қадам жасай берсін. Біздерді әрқашан елел-ескеріп жүрген ақкөңіл халқымыз айналайын!» – дейді Қаншай Белякова. Кейіпкеріміз жары Тоқтасын Рахметжанұлымен бірге шаңырақ көтеріп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырды. «Алтын алқа» иегері атанды. Бірлік пен татулықты ту еткен отбасы үлгісін көрсете білді. Екеуі де өмірдің түрлі сындарынан сүрінбей өтіп, адал еңбегімен, парасатты тәрбиесімен ел-жұрттың құрметіне бөленді. Бүгінде өсіп-өнген әулеттің ұрпағы әке мен ананың аманатын абыроймен арқалап, ізгі жолдарын жалғастырып келеді. Олар отбасылық құндылықтарды қадір тұтып, ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, елге үлгі боларлық өнегелі әулетке айналды. Перзенттері «Ата-ана отбасының діңгегі, бастапқы дәнекері. Отбасы деген шағын мемлекеттегі ата-ананың рөлі, қадір-қасиеті қаншалықты маңызды екені мәлім ғой. Отбасылық құндылықтарды, халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын, қазақ қабырсындағы тәлім-тәрбиені жан-жақты дәріптеді. Әрдайым күн жағымыздан көлеңке, жел жағымыздан пана болып, сүрінгенде демеді, адами қасиеттерді бойымызға сіңірді. Үлкенге құрмет, кішіге ізеттілік танытуға баулыды» – деп ендігі армандары аналарының ғасыр тойына жетуі екенін атап өтті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА



КӨПҰЛТТЫ ҚОҒАМДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫ РЕТТЕУДЕ БАҚ РӨЛІ

Жетісу облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Жетекші журналистер мен сарапшылар клубының кезекті кеңейтілген отырысы өтті. «Көпұлтты қоғамдағы қақтығыстарды реттеуде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі» атты кездесуге өңірлік БАҚ өкілдері, сарапшылар, қоғамдық ұйым мүшелері және Ассамблея белсенділері қатысты.

Іс-шараның мақсаты – этносаралық татулықты нығайтудағы медианың рөлін талқылау, ақпараттық қауіпсіздікті

қамтамасыз ету және қоғамда бейбітшілік пен келісімді сақтауда бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалын арттыру.

Ең әуелі клуб төрағасы Атсалим Идигов баяндама жасап, өзекті ойларымен бөлісті. Сондай-ақ, ақын, жазушы, халықаралық «Алтын қалам» әдеби сыйлығының иегері Айдын Кәлімхан «Көпұлтты қоғамдағы қақтығыстарды реттеуде БАҚ рөлі» тақырыбында сөз сөйлеп, медиа құралдарының этносаралық қатынастардағы жауапкершілігі мен

ықпалына тоқталды. Кездесу барысында этносаралық қатынастарда туындауы мүмкін шиеленістердің алдын алу жолдары, БАҚ-тың конфликт жағдайларына ықпал ету тетіктері, ақпарат таратудың жауапкершілігі мен журналистік этика қағидалары сынды мәселелер кеңінен талқыланды. Жиын соңында клуб мүшелері мен қатысушылар медианың қоғамдық тұрақтылықты сақтаудағы рөлін атап, бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта жалғасын табуы керек деген пікірді алға тартты.

Ерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ

ЖАСТАР САЯСАТЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Панфилов ауданына қарасты «Қорғас» шекара бөлімшесінде ашық есік күні ұйымдастырылды.

Іс-шараға «Қорғас» және Ж.Бусаков атындағы орта мектептердің жоғары сынып оқушылары қатысты. Олар шекарашы әскери қызметшілердің күнделікті жауынгерлік қызметімен танысып, заманауи техника мен қару-жарақ үлгілерін көруге мүмкіндік алды.

Шара барысында оқушыларға Қазақстан Респуб-

ликасының Мемлекеттік шекарасын қорғау жолындағы шекарашылардың жауапты қызметі таныстырылып, жас ұрпақтың отансүйгіштік рухын көтеруге бағытталған түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, бөлімше әскери қызметшілері өздерінің кәсіби машықтарын көрсетіп, жасөспірімдерге шекарашы мамандығының маңыздылығы мен мәртебесі туралы жан-жақты ақпарат берді.

Аталған ашық есік күні – жастардың әскери-патриоттық тәрбиесін нығайтуға, сондай-ақ болашақта шекара қызметіне қызығушылықтарын арттыруға бағытталған игі қадам болды.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕГЕ БАУЛИДЫ



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы Достық шекара бөлімі "Жетісу" шекара бөлімшесі Достық ауылдық әкімшілігі бірлесіп, Б.Момышұлы атындағы орта мектептің оқушылары және "Жас сарбаз" патриоттық үйірмесінің қатысуымен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған патриоттық іс-шара өткізді.

Іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті, елжандылықты, тарихи сана мен батырларымызға деген құрметті қалыптастыру. Шара барысында оқушылар Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерліктер туралы деректермен танысып, шекарашылардың қызметін көрді.

Сонымен қатар, бөлімше әскери қызметшілері жастарға арнап қару-жарақпен таныстыру, саптық дайындық, және әскери өмірдің күнделікті тәртібі



туралы шеберлік сабақтарын өткізді. "Жас сарбаз" үйірмесінің мүшелері өзара патриоттық әндер шырып, Ұлы Жеңіс батырларына арнау өлеңдерін оқыды.

Шара соңында қатысушыларға Алғыс хаттар табысталып, естелік суретке түсті. Бұл іс-шара жас буынның патриоттық рухын арттырып, оларды Отан қорғаушылардың ерлік жолына ынталандыруда маңызды рөл атқарды.

БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай ұйымдастырылған «80 игі іс» жалпы республикалық бастамасы аясында

бірқатар маңызды шаралар жүзеге асырылуда.

Осыған байланысты басқарма жанындағы әйелдер кеңесінің бастамасымен "Қайырымдылық керуені" және "Балаға қуаныш сыйла" акциялары шеңберінде Панфилов аудандық балалар үйінде қайырымдылық шара өтті.

Шара барысында шекарашылар балалар үйіне қажетті тұрмыстық заттар мен тәтті сыйлықтар табыстап, тәрбиеленушілерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Сонымен қатар балаларға арнап шағын концерттік бағдарлама мен ойын-сауық ойындары ұйымдастырылды.

Аталған игі бастама шекара қызметінің әлеуметтік жауапкершілігі мен отансүйгіштік рухының көрінісі болып табылады. Мұндай шаралар жас ұрпақтың жүрегіне мейірім ұялатумен қатар, қоғамдағы бірлік пен қамқорлықтың маңызын арттыра түсетіні сөзсіз.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

ЗАҢ АЯСЫНДА ҚАҢҒЫБАС ИТТЕРДІҢ КӨПТІГІ – ҚОҒАМ ҮРЕЙІ

Ит – адамның досы, көмекшісі, жеті қазынаының бірі. Бірақ, елді мекендер көшелерінде босып жүрген, қаңғыбас иттер еркін топ құрып, өсіп-өніп, адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндірүүде. Әсіресе, кішкентай балалар мен ерге жастағыларға қиын. Адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіріп, үрей тудырып отырған – қаңғыбас иттер өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Иесіз иттер дене жарақатын салумен қатар аса қауіпті инфекциялық, инвазиялық аурулардың тасымалдаушысы болуы мүмкін. Сондықтан иесі жоқ иттер аулануда.

Ең алдымен, «Қаңғыбас бос жүрген иттер қайдан шығады десек?» Ол – жануарлар иесінің дұрыс қарамауынан, итті бос жіберуінен, жауапсыздық салдарынан шығатынына көз жеткіземіз. Тағы бір назар аударатын жайт, иттер жылына екі рет туады. Сонда олар жылына 8-10 күшікке дейін көбейеді екен. Қаңғыбас иттердің саны да осындай жағдайдан кейін өсе түседі. Итті күшігімен тұрғын үйлер жанындағы қоқыс жәшіктердің жанына тастап кететіндер баршылық. Күшіктердің еркегін асырап алып, ұрғашысын қаңғытып жібереді. Ол күшік қоқыс аралап жүріп өсіп, қаңғыбас иттер қатарына қосылады.

Тұрғындардың ит-мысықтарды асырау талаптарына салғырт қарауы, заң талаптарын білмеуі, оны орындамауы, салғырттыққа салынуы онык жегізуі өбден ықтимал. Кейбіреулердің қолдағы асырап отырған иті «жартылай қаңғыбас» санатына жатады деп айтуға болады. Ол дегеніміз, иттің нақты иесі бар,

тамақтандырып асырайды, бірақ байламайды, қадағаламайды, қараусыз. Иттер мен мысықтарды асырау және серуендету тәртібі Алматы облыстық мәслихатының 2019 жылғы 31 шілдедегі №51-257 шешімімен бекітілген "Алматы облысында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" нақты көрсетіліп, белгіленген. Оның 2 тарауының 6,7 тармақтарына сай, иттер мен мысықтардың иелері қалалық немесе аудандық мемлекеттік ветеринариялық станциясынан итке, мысыққа ветеринарлық паспортты алу арқылы тіркеу рәсімін өткізуі қажет. Тіркелген ит пен мысық ғана иесінің меншігі болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалады. Тек иелері санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормаларды, сондай-ақ, ветеринариялық қағидаларды, ветеринарлық нормативтерді сақтауы шарт. Жеке тұрғын үйлер, жеке құрылыстар



аумақтарында иттердің қашып кетуін, адамдарға және жануарларға шабуыл жасауын болдырмайтын жағдайларда иттерді оқшау аумақта және (немесе) байлап асырау қажет. Егер аумақта ит күзеті болса, иттің аумақта бар екендігі туралы аумаққа кіреберісте иттің бейнесі салынған, "Ит күзетеді! Охраняется собакой!" деген жазба жазылған, көлемі 20х30 сантиметрден кем емес ескерту тақтайшасымен хабарланады.

Иесінің үй жануарларын одан әрі ұстау мүмкіндігі болмаған жағдайда, олар ие болуға келіскен басқа адамға берілуі мүмкін немесе қаңғыбас жануарларды ұстау мен аулауды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымға (ветеринариялық станция, пункт) тапсырылуы керек. Адамдар көп жиналатын орындарда және басқа қоғамдық жерлерде иттер қысқа тізгінде және тұмылдырықта ұсталуы тиіс. Тек қоршалған серуендету орындарында, сонымен қатар

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ



Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Мәңгілік алау – мәңгілік даңқ» атты тарихи-әдеби сағаты қалалық орталық кітапханада ұйымдастырылды.

Шараға «Ардагерлер» хоры мен «Ұлттық ұлан» 5514 әскери бөлімінің сарбаздары қатысты. Шараны аға сарбаз, аға пулеметші Жайлхан Руслан соғысқа арналған әндерден попуримен ашты. Шара барысында «Тарих. Тағзым. Тағылым» атты тақырыпта соғыс ардагерлері туралы естеліктер айтылып, деректі бейнеролик көрсетілді. «Қаламмен жазылған ерлік» emoji book ойынына сарбаздар белсене қатысып, тапқырлықтарын көрсете білді. Келесі кезекте «Ардагерлер» хорының жетекшісі Наталья Дошкова сөз алып, оқырман қауымды Жеңіс күні мерекесімен құттықтады. Аталмыш шара «Ардагерлер» халық хорының концерттік бағдарламасымен жалғасты.

ОҚУ САЙЫСЫ – «ЛЕНИНГРАДТЫҚ ӨРЕНІМ»

Қалалық орталық кітапханасында – Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аясында №12 орта мектептің оқушыларының қатысуымен Ж.Жабаевтың «Ленинградтық өренім!» өлеңін мәнерлеп оқу сайысы өтті.



Шараны кітапхана директоры Құлпан Калкенқызы ашып, құттықтау сөз сөйледі. Шарада оқушыларға «Ленинградтық өренім» өлеңінің шығу тарихы таныстырылып, Жамбыл атамның өмірі мен шығармашылығы туралы ақпарат берілді. Шара барысында 5 «Г» сынып оқушылары «Ленинградтық өренім» өлеңін мәнерлеп оқыса, 1, 6, 7, 9, 11 оқушыларының қатысуымен «Жамбыл Жабаев – Ұлы Отан соғысы кезінде» атты көрініс көрсетілді.

Бұл шараның мақсаты – Жеңістің 80 жылдығы аясында жас ұрпақтың бойына патриоттық сезім қалыптастырып, аталарымыздың ерлігін насихаттау, Отанға деген құрметті күшейту, қазақ поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өренім» өлеңінің мазмұнын тереңірек түсіндіріп, мәнерлеп оқуға дағдыландыру.

Ардақ БАЙМҰХАНОВА,
кітапханашы

алаңқайларда, адамдар жоқ кезде ғана иттерді тізгіннен жіберуге рұқсат етіледі. Мас күйдегі тұлғалар мен 16 жасқа толмаған балаларға иттерді серуендетуге және олармен қоғамдық жерлерде жүруге тиым салынған.

Сонымен қатар жануарларды қарау кезінде жануарды ұрып-соғу, азаптау, оның ішінде аштық, шөлдеу және жануардың өліміне, мертігуіне немесе денсаулығына өзге де зиян келтіруге әкеп соққан немесе әкелуі мүмкін жануарды бөлшектеу, күйдіру, суға батыру, тұншықтыру, сою арқылы өзге де күш қолдану әрекеттеріне тыйым салынады. Ауырсынуды баса-тын препараттар мен анестетиктерді қолдану жануардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін жағдайларды қоспағанда, жануарларға тиісті құралдарды міндетті түрде қолданбай, жансыздандыруды немесе анестезияны қолдану көрсетілген ветеринариялық және өзге де рәсімдерді жүргізуге иттер мен мысықтарды оларды тамаққа пайдалану, сою немесе мертігу немесе денсаулыққа өзге де зиян келтіру жолымен осы жануарлардан өнім мен шикізат алу үшін өсіру, ұстау, пайдалану заңға қайшы.

Заң ережелерін бұзғаны үшін иттер мен мысықтардың иелері Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 408-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады. Облыстардың жергілікті өкілді органдары белгілеген, қалаларда және басқа да елді мекендерде иттер мен мысықтарды асырау мен серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бұзу – ескерту жасауға немесе айыппұл салуға әкеп соғады.

«Талдықорған қаласы Өтенай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

ДЕНІ САУ ҰЛТ ВИРУСТЫ ГЕПАТИТ «А» ЖҰҚПАСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Вирусты гепатит – бауырдың кең таралған және қауіпті жұқпалы ауруы. Вирусты гепатиттің барлық түрлерінің ішінде А гепатиті ең жиі кездеседі.

Сырқат көбінесе балалар арасында тарайды. Ересектер арасында көбінесе 15-29 жастағылар ауырады. ВГА-ға маусымдық тән. Көбінесе сырқаттың деңгейі күз – қыс кезінде жоғарылайды.

Вирустық А гепатиттің келесі белгілеріне назар аудару керек:

- ▶ әлсіздік және жоғары дәрежеде шаршау;
- ▶ бұлшық еттердің ауыруы;
- ▶ бас ауыруы;
- ▶ іш ауыруы;
- ▶ тәбеттің болмауы немесе

төмендеуі;

- ▶ лоқсу;
- ▶ нәжістің ағаруы;
- ▶ зәрдің қоңырлануы.

Вирустық А гепатитінің жұғу жолдары:

Вирустық А гепатитінің инфекциясы тамақ немесе суды жұту арқылы таралуы мүмкін, әсіресе антисанитариялық жағдай суға немесе тағамға А гепатиті бар адам қалдықтарымен ластануға мүмкіндік береді (фекальды-оральді берілу әдісі). А гепатиті әдетте үй мүшелері арасында және жақын байланыста ауызша секрециялар арқылы таралады.

Вирустық А гепатитінің алдын алу шаралары:

Осы инфекцияға қарсы екі рет иммунизация жасау, кепілді сапалы ауыз суды пайдалану және жеке гигиена ережелерін сақтау.

С.АХАН,

Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқарма басшысы
Г.БАЙСЕИТОВА,

Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ЭКСТРЕННЫЕ МЕРОПРИЯТИЯ АНАФИЛАКТИЧЕСКИЙ ШОК

Анафилактический шок – это одно из самых опасных неотложных состояний, возникающее в ответ на аллерген.

Чаще всего это укусы насекомых, лекарство, еда или контакт с латексом. Начинается с зуда, покраснения кожи, высыпаний, отека губ, языка, век, затем появляется чувство удушья, хрипы, резкое падение давления, холодный пот, страх смерти, головокружение, потеря сознания. Пульс становится слабым или не прощупывается, возможны судороги, остановка дыхания и сердца. Помощь нужно оказывать немедленно.

В первую очередь прекратить контакт с аллергеном. Если это укус – убрать жало, к месту укуса приложить холод, пострадавшего уложить на спину, ноги приподнять, расстегнуть одежду, обеспечить воздух, вызвать скорую помощь. Без промедления ввести адреналин 0,3–0,5 мл 0,1% раствора внутримышечно в бедро, лучше шприцем с длинной иглой, при необходимости повторить через 5–15 минут.

Вторая важная мера – внутримышечно ввести антигистаминные препараты (супрастин, тавегил), а также глюкокортикостероиды – дексаметазон 8–16 мг или преднизолон 60–120 мг. При потере сознания – повернуть голову набок. При остановке дыхания – приступить к ИВЛ методом рот в рот. При остановке сердца – начать непрямой массаж грудной клетки.

Нельзя оставлять человека одного, даже если состояние улучшилось, потому что может быть повторный шок через несколько часов. После стабилизации пациента госпитализируют минимум на 24–48 часов для наблюдения. Людям с анафилаксией нужно носить автоинъектор с адреналином и иметь при себе медицинский паспорт с описанием аллергии, а также предупреждать врачей и окружающих о наличии реакции при любой процедуре.

ОТЕК КВИНКЕ

Отек Квинке – это острое аллергическое состояние, которое сопровождается быстрым отеком кожи, слизистых оболочек и подкожной клетчатки, особенно лица, языка, гортани, губ, что может привести к затруднению дыхания и удушью.

При появлении первых признаков отека необходимо немедленно прекратить контакт с аллергеном. Если это укус насекомого – нужно извлечь жало, если это препарат – прекратить его введение. Пострадавшего укладывают на спину, поднимают ноги, обеспечивают доступ свежего воздуха, вызывают скорую помощь, до её прибытия вводят антигистаминные препараты (супрастин, тавегил) внутримышечно или внутривенно.

Если дыхание нарушается, может быть использован адреналин 0,3–0,5 мл 0,1% раствора, который вводят внутримышечно, можно повторить через 15–20 минут, также при необходимости вводят кортикостероиды, например, дексаметазон, преднизолон.

Если ситуация ухудшается, возникает дыхательная недостаточность или потеря сознания, следует немедленно начать реанимационные мероприятия. При необходимости – интубацию или искусственную вентиляцию легких. После стабилизации состояния пациента нужно госпитализировать для дальнейшего наблюдения, даже если симптомы исчезли, так как возможен рецидив.

Важно, чтобы люди с предрасположенностью к отеку Квинке всегда имели при себе антигистаминные препараты или автоинъектор с адреналином.

Материал подготовили:
Р.САГЫМБЕКОВА, А.АБДУЛЛИНА, С.АБДИРОВА

ХОЛЕЦИСТОКАРДИАЛЬНЫЙ СИНДРОМ

Холецистокардиальный синдром развивается из-за анатомо-функциональной связи между органами пищеварения и сердцем, особенно при хроническом воспалении желчного пузыря, при этом раздражение рецепторов в области печени и желчных путей передается через блуждающий нерв в центральную нервную систему, что вызывает нарушение работы сердца.

Чаще всего проявляется у людей старше 40 лет, особенно у женщин, страдающих хроническими заболеваниями ЖКТ. Боли за грудиной могут быть длительными, тупыми, ноющими, не зависят от физической нагрузки, часто сопровождаются ощущением тяжести в правом подреберье, отрыжкой, горечью во рту, иногда наблюдается головокружение, потливость, раздражительность, панические атаки. Пациенты часто путают с сердечным приступом, но нитроглицерин не помогает, а после приема спазмолитиков или желчегонных препаратов наступает облегчение. Диагностика требует комплексного подхода – помимо ЭКГ и УЗИ сердца обязательно проводят биохимические анализы крови, УЗИ органов брюшной полости, холецистографию.

Лечение направлено не только на снятие боли, но и на нормализацию функции желчного пузыря. Назначают диету с исключением жирного,



жареного, острого. Прием пищи – дробный, небольшими порциями. В легких случаях помогают но-шпа, мебеверин, аллохол, ферменты, в более тяжелых – антибактериальная терапия и плановая холецистэктомия.

Психосоматическое состояние тоже важно, поэтому рекомендуют избегать стрессов и перенапряжений. Если пациент соблюдает рекомендации и лечит основное заболевание, то сердечные проявления исчезают полностью, рецидивы бывают при нарушении диеты или повторном воспалении.

ОСТРЫЙ ПАНКРЕАТИТ

Это воспаление поджелудочной железы, которое может развиваться быстро и вызывать серьезные нарушения в организме. Симптоматика острого панкреатита обычно начинается внезапно и сопровождается сильными болями в верхней части живота, чаще всего в области эпигастрия или под ложечкой. Боль интенсивная, постоянная, режущая или тупая, может иррадиировать в спину, левое плечо, грудную клетку. В некоторых случаях боль усиливается при наклоне вперед или после приема пищи, особенно жирной или острой.

Другим важным симптомом является тошнота и рвота, которая не приносит облегчения и может быть многократной. Часто рвота содержит остатки пищи, иногда с примесью желчи, что свидетельствует о вовлечении желчных путей в процесс. Нарушения пищеварения проявляются также в виде вздутия живота, повышенного газообразования, диареи, а в тяжелых случаях – стула с примесью жира (стеаторея). Симптоматика острого панкреатита также включает повышение температуры тела, часто сопровождающееся ознобом. У пациента может быть тахикардия, понижение

артериального давления, что указывает на возможную дегидратацию и шок. При осмотре часто обнаруживаются признаки интоксикации, такие как бледность кожи, сухость во рту, снижение тургора кожи. В некоторых случаях могут появляться синие пятна на животе, так называемые «петехиальные» или «синдром Грея-Тёрнера», свидетельствующие о внутренних кровоизлияниях.

При развитии осложнений, таких как перитонит или некроз поджелудочной железы, может появляться напряжение в животе, локальная болезненность, снижение перистальтики, что требует немедленной медицинской помощи и вмешательства.

Таким образом, симптомы острого панкреатита включают внезапную боль в животе, тошноту и рвоту, повышение температуры, изменения в кровяном давлении и пульсе, а также признаки интоксикации и возможные осложнения, такие как перитонит. Быстрое обращение за медицинской помощью и диагностика имеют ключевое значение для предотвращения серьезных последствий заболевания.



ПЕРВАЯ ПОМОЩЬ ПРИ ПОЧЕЧНОЙ КОЛИКЕ

ства могут быть даны в виде таблеток или уколов, предпочтительнее инъекции для более быстрого действия.

При отсутствии эффекта от НПВП можно использовать спазмолитики, такие как папаверин или дротаверин (но-шпа), которые помогают расслабить гладкую мускулатуру мочеточников и снять спазмы, облегчая отток мочи. Эти препараты также можно вводить внутримышечно или внутривенно.

В случае сильной боли и угрозы развития осложнений (например, инфекции или обострения), пациенту следует немедленно вызвать скорую помощь. Важно не откладывать обращение к врачу, поскольку длительная непроходимость мочеточника может привести к повреждению почки, развитию инфекции или некрозу ткани.

Также необходимо контролировать количество мочи и следить за возможными изменениями в ее цвете или запахе, что может свидетельствовать о наличии крови в моче или воспалении. Если пациент не может мочиться или ощущает затруднение, это также сигнал для немедленного обращения за медицинской помощью.

В условиях стационара пациент может быть направлен на дополнительные обследования, такие как ультразвуковое исследование или компьютерная томография, для точного определения размера и расположения камня, а также для выбора дальнейшей тактики лечения, которая может включать удаление камня или хирургическое вмешательство.

Материал подготовили:
Р.САГЫМБЕКОВА, А.АБДУЛЛИНА, И.АЛПЫСОВ

МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ОРГАННЫҢ НҰСҚАМАЛАРЫ ОРЫНДАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне мониторинг жүргізді.

Мониторинг қорытындысы бойынша Алакөл ауданы «Қабанбай балалар шығармашылық орталығы» МҚК және Ескелді ауданы «Балалар және жасөспірімдер шығармашылығы орталығы» МҚК кәсіпорындарының жарғылық қызмет түрлері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.12.2015 жылғы №1095 Қаулысына сәйкес келмейді, бұл Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын бұзады.

Анықталған бұзушылыққа байланысты Департамент жіберілген сәйкессіздіктерді жою туралы нұсқама шығарды. Қазіргі уақытта нұсқама толық көлемде орындалды.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ПАРА ТҮБІ – ЖАЗА

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қамты алаңдаматыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «corruptio» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.


Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Мемлекет басшысы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауда «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни, бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген

БЫСТРО И ВКУСНО!

В Яндекс Go в Талдықоргане

ПОЯВИЛСЯ СЕРВИС ДОСТАВКИ ЕДЫ ИЗ РЕСТОРАНОВ



Теперь в Талдықоргане через приложение Яндекс Go можно заказать блюда из ресторанов с доставкой на дом или в офис. К сервису уже присоединились KFC, Lanzhou, Shafran, Party, Katana и другие заведения. Список партнёров будет пополняться.

Сделать заказ можно в разделе Еда в приложении Яндекс Go. Среднее время доставки составляет около 30 минут. Минимизировать время ожидания позволяют алгоритмы сервиса: они анализируют расположение ресторанов и магазинов и строят оптимальные маршруты для курьеров. Статус заказа и местоположение курьера отображаются в приложении в режиме реального времени.

На первый заказ действует скидка 2000 тенге и бесплатная доставка. Предложение автоматически применяется при оформлении заказа. Оплата возможна банковской картой, привязанной к аккаунту в Яндекс Go.

Сервис доставки еды от Яндекс Go сегодня доступен в 17 городах Казахстана.

Ф.ДАРЫБАЕВА,
ҚР АШМ АӨК МИК Талдықорған қалалық аумақтық инспекциясының басшысы

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу

По итогам мониторинга установлено, что уставные виды деятельности ГKKП «Центр детского творчества Кабанбай» Алакольского района и ГKKП «Центр детского и юношеского творчества» Ескельдинского района не соответствуют постановлению Правительства Республики Казахстан от 28.12.2015 года №1095, что нарушает требования законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции.

В связи с этим Департаментом вынесены предписания об устранении допущенных нарушений.

На данный момент предписания исполнены в полном объеме.

По итогам мониторинга установлено, что уставные виды деятельности ГKKП «Центр детского творчества Кабанбай» Алакольского района и ГKKП «Центр детского и юношеского творчества» Ескельдинского района не соответствуют постановлению Правительства Республики Казахстан от 28.12.2015 года №1095, что нарушает требования законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции.

В связи с этим Департаментом вынесены предписания об устранении допущенных нарушений.

На данный момент предписания исполнены в полном объеме.

По итогам мониторинга установлено, что уставные виды деятельности ГKKП «Центр детского творчества Кабанбай» Алакольского района и ГKKП «Центр детского и юношеского творчества» Ескельдинского района не соответствуют постановлению Правительства Республики Казахстан от 28.12.2015 года №1095, что нарушает требования законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции.

В связи с этим Департаментом вынесены предписания об устранении допущенных нарушений.

На данный момент предписания исполнены в полном объеме.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті қала тұрғындары, ағымдағы жылдың мамыр айының 20-шы жұлдызы мен шілде айының 20-шы жұлдызы аралығында аса қауіпті зиянды организмдерге (италияндық прус) және зиянды организмдерге (саяқ шегірткелер) қарсы химиялық жолмен өңдеу жұмыстары жүргізілетіндігін хабарлаймыз.

Атап айтқанда, өңдеу жұмыстары Өтенай және Еркін ауылдық округтеріне қарасты аумақтарында қоныстанған италияндық прус және саяқ шегірткелерге қарсы жер үсті және ұшақпен дәрі шашылады.

Осыған байланысты ауыл тұрғындары және омарташыларды химиялық өңдеу жүргізілген жерлерде техникалық қауіпсіздік шараларын сақтауды, дәрі шашылған жерлерге 30 күнге дейін мал, бал араларын бағуға және демалуға болмайтындығын ескертеміз.

Бүгінгі күнде қала бойынша және барлық ауылдық округтерінде шегіртке тектес аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы күрес үшін құрылған штаб мүшелері жұмыс істейді. Сондықтан, қала, ауыл тұрғындарының назарына саларымыз, шегірткенің шоғырланған жерлерін (кулигаларын) көрсетіңдер дереу сол ауылдың әкімшілігіне хабарласуыңызды сұраймыз.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Уважаемые жители, в период с 20 мая по 20 июля 2025 года будут проводиться химические обработки против особо опасных и вредных организмов – саранчовых.

Основной массив обработок итальянского пруса и нестадных саранчовых находится в Өтенайском и Еркінском сельских округах. Против саранчовых вредителей химическая обработка будет проводиться авиа и наземными методами.

Связи с этим, просим жителей района, а также пасечников в течение 30 дней во время проведения химических работ воздержаться от отдыха на природе, выпаса скота, установки пасек.

В городе и сельских округах работает штаб по борьбе с саранчовыми вредителями. При обнаружении очага саранчовых (кулиг) вредителей, просим жителей города и сельских округов сообщать в акиматы вышеуказанных округов.

П. ИМАНҒАЗЫ,
государственный инспектор по защите и карантину растений Талдықорганской городской территориальной инспекции

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

КАРАНТИНДІК АРАМШӨПТЕР

Карантиндік арамшөптер ауыл шаруашылығына, экожүйеге және адам денсаулығына елеулі қауіп төндіреді. Олардың ішінде жатаған у кекіре және арам сою, жусан жапырақты ойраншөп ерекше орын алады. Бұл өсімдіктер айтарлықтай экономикалық шығындарға әкеп соғады, егін өнімділігін азайтады және адамға аллергиялық реакцияларды тудырады.

1. Жатаған у кекіре (Acroptilon repens)

Сипаттама және таралуы: Жатаған у кекіре - Астровые тұқымдасына жататын көпжылдық тамырсабақты арамшөп. Биіктігі 70 см-ге жететін қатты сабақтары, қызғылт немесе қызыл-күлгін гүлдері бар. Тұқымымен және тамыр бөліктерімен көбейеді.

Зияндылығы:

- Мәдени өсімдіктерге зиянды токсиндер бөліп шығарады;
- Жылдам таралып, тығыз өскіндер құрады;
- Астық және жемшөп дақылдарының өнімділігін 50-70% дейін төмендетеді;

► Жатаған у кекіренің тамыры 14 метрге дейін жетеді.

Күресу шаралары:

- Тамырларды кесіп, терең жырты;
- Гербицидтерді қолдану;
- Ауыспалы егіске бәсекелес дақылдарды енгізу (еспен, қысқы бидай).

2. Арам сою (Cuscuta approximata)

Сипаттама және таралуы: Арам сою - тамыры және жапырақтары жоқ, мәдени өсімдіктерді орап өсетін паразиттік өсімдік. Сары немесе қызғылт түсті жіңішке сабақтары бар.

Зияндылығы:

- Өсімдіктердің шырынымен қоректеніп, оларды әлсіретеді;
- Вирустық ауруларды таратады;
- Жемшөптерді ластап, мал үшін қауіпті.

Күресу шаралары:

- Таза тұқымдық материалды қолдану;
- Арам сою гүлдегенге дейін зақымданған учаскелерді қысқарту;
- Гербицидтермен өңдеу.

3. Жусан жапырақты ойраншөп (Ambrosia artemisiifolia)

Сипаттама және таралуы: Астровые тұқымдасына жататын бір жылдық арамшөп, биіктігі 2 м-ге жетеді. Жапырақтары ұсақ тілімденген, жусанға ұқсас. Жаз аяғында гүлдеп, көп мөлшерде аллергенді тосаң бөледі.

Зияндылығы:

- Күшті аллергия тудырады (поллиноз, астма);
- Мәдени өсімдіктермен ылғал және қоректік заттар үшін бәсекелеседі;
- Топырақты ластап, құнарлылығын төмендетеді.

Күресу шаралары:

- Гүлдегенге дейін үнемі қысқарту;
- Гербицидтерді қолдану.

Қорытынды:

Карантиндік арамшөптермен күресу агротехникалық, химиялық және биологиялық әдістерді қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді. Бұл өсімдіктерді уақытында анықтап, жою ауыл шаруашылығын да, адам денсаулығын да қорғауға көмектеседі.

М.КУЩЕВА,

ҚР АШМ АӨК МИК «Талдықорған қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҒЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02

E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.

ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 5 050 дана.

Тапсырыс №505 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.